
Мектеп кітапханашыларының аудандық, облыстық семинарлар мен практикумдарға белсене қатысу, тәжірибемен алмасу

- Кітапханада қолданылатын заманауи әлеуметті технологияларды меңгеру:
- Мерзімдік басылымдарда жарық көретін басылымдар және кәсіптік әдебиеттермен уақытында танысу.

Оқулықтардың сақталуы және жүргізілетін жұмыс түрлері:

- Оқу жылының басында сынып жетекшілері мен мұғалімдермен бірге отырып сыныптарды оқулықпен қамтамасыз ету. 1-11 сыныптар аралығында оқулықтардың таза ұсталуын сынып жетекшілермен бірлесіп жұмыс жасап, оқушылардан үнемі талап етіп отыру.
- Оқулықтардың тазалығын айына 1 рет оқушылардан ұйымдасқан белсенділермен бірге отырып тексеріп отыру
- Жыртылған оқулықтарды түптеу, өткізу
- Аудандық білім бөлімінен бөлінген оқулықтарды дер кезінде алып, кітапхана есеп кітабына тіркеп, белгі соғып отыру
- Оқулықтарға тапсырыс жасау
- Оқушылар мен мұғалімдерді жаңадан келіп түскен оқулықтар мен әдістеме құралдары туралы хабарлау
- Оқушылардың оқулықпен қамтылуы жайлы есеп құжаттарын жасау
- Оқулық қорын сақтау мақсатында жұмыс жүргізу (сыныптар бойынша рейдтер)

Оқырмандармен жұмыс және көркем әдебиетті насихаттау.

1. Оқушылардың оқулықпен қамтамасыз ету, жаңа оқулықтармен толықтыру.
2. Кітапханаға саясаттар ұйымдастыру.
3. Баспа туындыларын шағын жөндеуге (жыртылған және түсуге шақ тұрған беттерді, түптер мен мұқабаларды желімдеу) оқырмандарды қатыстыра отырып тұрақты түрде ұйымдастыру.
4. Кітапхана активін жасақтау, оқушыларды кітапханадағы жұмыстарға тарту.
5. Оқулықтарды тексеру бойынша рейд ұйымдастыру.
6. Қарыз кітапқа немқұрайлы қарайтын оқырмандармен жұмыс жүргізу.
7. Оқу-тәрбие үрдісіне (сынып сағаттары, сабақ жоспарлары, тестер және т.б.) көмек

ретінде мұғалімдер мен оқушылармен бірігіп электронды банк құру.

8.Кітап қорының жинақталуын, есепке алынуын, орналасып, сақтауын ұйымдастыру.

9.Әр жұма күні - әдістемелік күн.

10.Оқушылармен жұмыс өткізу кестесі

- Кітапхана белсенділерімен жұмыс:

- Активтермен жұмыс нағыз оқырмандар коллективі тәрбиелеу болып табылады.Активті тәрбиелеу ісі кітапханашының күнделікті жұмысында балалармен әртүрлі көпшілік жұмыстарын өткізу барысында жүзеге асырылып отырады. Актив оқырмандар арқылы көптеген балаларды кітаппен жұмыс істеуге үйретіп ,кітапхана әлеміне қызықтырып олардың кітапқа деген ынтасын арттырады
- Белсенді мүшелері арасында міндеттерді бөлу
- Оқушыларды мектеп кітапханасының мерекелеріне қатысуға тарту

Педагогикалық ұжыммен жұмыс:


- Мұғалімдердің жеке сұрақтарын қанағаттандыру
- Педагогикалық ұжымды жаңа әдебиеттермен және әдістемелік ұйымдастырумен жүйелі түрде таныстыру
- Сынып жетекшілерге сабақтан тыс іс-шараларды өткізуге көмектесу
- Пән апталығына әдебиеттер таңдау
- Мұғалімдер арасында оқыту әдістемесі бойынша мерзімдік басылымдарға жазылуды ұйымдастыру

Мектеп оқушыларымен жұмыс:

- Кітапхана жұмысын кестеге сәйкес оқырмандармен таныстыру
- Кітапханаға қайта жазылар алдында оқырмандарға кеңес беру, кітап немесе оқулықтарға зиян келтірсе, жауапты екенін түсіндіру
- Оқушыларды кітаппен жұмыс жасауға үйрету

Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданы Ақтау ЖББ мектебінің 2024-2025 оқу жылындағы Білім күніне орай мектебіміздің білім алушылары төмендегі тақырыптар бойынша:

- 2-4 сынып білім алушылары үшін "Мен үшін қымбат-мектебім!";
- 5-8 сынып білім алушылары үшін-"Жаңа жетістіктерге жетуге дайынмын!";
- 9-10- сынып білім алушылары үшін-"Ой.Арман.Мақсат";бейнероликтер ұсынды.



<https://www.facebook.com/share/v/15ZeJKxS9Q/>

<https://www.facebook.com/share/p/16kiJp7rFw/>

Ақтау ЖББ мектебінде 1-қазан "Халықаралық қарттар күніне арналып, ерекше шара өтті. Атап айтсақ," Қарттарым, асыл қазынам"атты бастауыш сынып оқушылар мен ата-әжелері бірігіп сайысқа түсті. Сайыс барысында, ата-әжелер оқушыларға қажетті құнды дүниелермен бөлісті. Қарттарымыз жүрек жарды лебіздерін білдіріп, баталарын берді.

<https://www.facebook.com/share/p/1Ro95sVVVf/>

"Ақтау жалпы білім беретін мектебі" КММ - де 3 қазан күні "МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ" өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен ұстаздар мерекесіне орай "ДУБЛЕР КҮНІ" өткізілді.

Мақсаты: "Мектеп парламенті" өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту; Мұғалімнің бір күнін оқушыға сезіндіру, мұғалім мамандығына құрметпен қарауға баулу

<https://www.facebook.com/share/v/16sbEyTGvC/>

Ақтау ЖББ мектебінде 2024 жылдың 23 қазан күні "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында 25 қазан-Республика күнін атап өтуге арналған іс-шаралар жоспары аясында 6-8 сынып оқушылар Арасында "Ақындар айтысы" челленджі ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/1Df3KeDThy/>

Ақтау ЖББ мектебінің оқушылары 24-қазан күні аталып өтілген "Кітапханашылар" мерекемімен, барлық кітапханашыларды құттықтайды. Құрметті, білім мен мәдениеттің шырақшылары, оқырмандарының жүректеріне рухани азық сыйлайтын, қоғамды біліммен байытатын, кітап әлемінің сақшылары, сіздерді шын жүректен төл мерекелеріңізбен құттықтаймыз. Еңбектеріңіз жана берсін.

<https://www.facebook.com/share/v/1BW9hPGoBC/>

Ақтау ЖББ мектебінде 25-қазан Республика күні не арналған "Мен-Отанымның бақытты баласымын!" атты тақырыбында іс-шара өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/v/1AqG6BS9Ey/>

Ақтау ЖББ мектебінде Ілияс Жансүгіровтің "Ілияс оқулары" атты байқауы өтті. Байқауға қатысушылар Мектепалды даярлық сыныбының оқушылары Аман Сырым, Амангелді Нариман "Балдырған" шағын тәрбиеленушісі Аманжан Айзере,Жетекшісі орталық тобының Аманжолова А. К.

<https://www.facebook.com/share/v/1GYkJNM616/>

Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 130 жыл болған мерейтойы қарсаңында,«Өзің оқы, өзгеге ұсын» медияжобасы

аясында, кітапхана оқырманы 9-сынып оқушысы Құдайберген Нурдаулет "Ақбілек" кітабына талдау жасап, басқа оқырмандарға оқуға ұсыныс тастады. Ақтау ЖББ мектебінің кітапханашысы: Бейсенбекова Элеонора.

<https://www.facebook.com/share/v/16h2LRu8vm/>

Ақтау ЖББМ "Әкенің тәрбиедегі рөлі" атты тақырыбында 5-сынып оқушылары эссе жазды.

Кітапханашы: Бейсенбекова Э.

<https://www.facebook.com/share/p/1YcbososDs/>

Ақтау ЖББ мектебі кітапханасында "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында бастауыш сынып оқушыларына "Ертегілер еліне саяхат" атты кітап оқу шарасы өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды ертегі оқуға баулу арқылы олардың ой өрісінің кеңуіне ықпал ету, қиялдау, мәнерлеп сөйлеуге баулу, шығармашылық қабілетін дамыту. Кітапханашы: Бейсенбекова Э.Т

<https://www.facebook.com/share/p/15ooF59SHq/>

Ақтау ЖББ мектебінің оқушылары 30-желтоқсан мен 8-қаңтар аралығында қысқы демалыс кезінде, осы ұсынылған кітаптарды оқып, мазмұндап, басқада оқушыларға оқуға кеңес береді. Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз!

<https://www.facebook.com/share/v/19wvRN78nC/>

"Каникулда кітап оқимыз".



<https://www.facebook.com/share/v/14GJB53jBGC/>

Ақтау ЖББМ. "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында өткізілген іс-шара тақырыбы "Дінмұхаммед Қонаев атамyzдың туғанына-113 жыл". Кітапханашы: Қордабаева С.



<https://www.facebook.com/share/v/16mDZ2ykE3/>

Ақтау ЖББ мектебінде Мектеп парламентінің мүшелері 6-10 сынып оқушылары арасында "Оқулықты күтіп ұста!" оқулықтарға рейд өткізді. Рейдтің мақсаты оқулықтардың бар-жоғын, жай-күйін, орамасын тексеру. Оқулықтары қапталмаған, шимайланған оқушыларға ескерту беріп, қайтадан тексеріп шықтық. Мектеп оқулығы әр оқу пәні бойынша білім көзі болып табылады. Сондықтан, оқулық-әр оқушының айнасы, мектептің кітап қорына деген жанашырлығының белгісі болып табылады. Қолдағы оқулықтарымызды таза, ұқыпты ұстайық! Жауапты: Өзін-өзі басқару ұйымының Құқық және Тәртіп фракциясы.



<https://www.facebook.com/share/p/1FQQG7tByb/>

Ақтау ЖББ мектебінде Қазақстанның халық жазушысы Қадыр Мырза Әлінің туғанына 90 жыл толуына орай кітап "Өлеңнің тау тұлғасы-Қадыр ақын" көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылар ақынның поэзиялық жинақтарымен танысты. Кітапханашы: Қордабаева Самал.

<https://www.facebook.com/share/v/1AxkMV8mse/>

Ақтау ЖББ мектебінің "Оқуға құштар- мектеп" жобасы аясында, халқымыздың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевқа арналған "Мұқағали мұрасы- Халық қазынасы" атты мәдени іс- шара өткізілді. Оқушыларымыз ақынның өлең жолдарын жатқа, мәнерлеп оқып ақынның шығармашылығымен таныс екендерін көрсетті. Өткізген: Кордабаева С.

<https://www.facebook.com/share/v/19XmfbToyh/>

Ақтау ЖББ мектебінде «Шын жүректен кітап сыйла» челленджі аясында өткізілген іс-шара. Бүгін мектебімізде «Шын жүректен кітап сыйла» челленджі аясында «Балалар кітапханасы» жобасы бойынша қызықты және пайдалы іс-шара өтті. Іс-шараның мақсаты — балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, оқу мәдениетін қалыптастыру және кітапхана қорын молайту болды. Жиналған кітаптар балалар кітапханасына сыйға тартылып, әр оқушы өз сүйікті кітабын кітапханаға әкеліп, басқа да балалармен бөлісті. Бұл бастама балалар арасында оқу мен білімге деген құрметті нығайтып, кітаптың қоғамдағы маңызды рөлін көрсетуге бағытталды. Іс-шараға қатысушылар кітап оқудың пайдасы мен оның адам өміріндегі маңыздылығы туралы өз ойларымен бөлісіп, болашақта осындай шараларды жиі ұйымдастыру қажеттігін айтты. Біз, мектеп ұжымы, барлық ата-аналар мен оқушыларға қолдау көрсетіп, балалар кітапханасын байытуға көмектескендері үшін ризашылығымызды білдіреміз. Бұл жоба кітаптың күшін сезініп, ұрпақтар арасында оқу мәдениетін дамытудың тамаша қадамы болды. Ұйымдастырушы: Кітапханашы: Қордабаева Самал.

<https://www.facebook.com/share/v/1N76ADp4tn/>

Ұлытау облысының білім басқармасының Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің 2025 жылдың 5 ақпандағы 4/22/984 хатына сәйкес Еліміздегі жастарға әскери-патриоттық тәрбие беруді Қарулы Күштердегі идеологиялық жұмыстың «БІРТҰТАС ЕЛ-БІРТҰТАС ЖЕР» қағидасымен ұштастыру жастардың бойында қазақстандық патриоттық сезімдерін мектеп қабырғасынан қалыптастыру мақсатында, "Еңбегі адал жас өрен" жобасы бойынша әрбір тәрбиеленушіге «БІРТҰТАС ЕЛ-БІРТҰТАС ЖЕР» қағидасын түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды. «БІРТҰТАС ЕЛ-БІРТҰТАС ЖЕР» айдарымен 1945 жылдарындағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай 9-10 сынып оқушылары мен дөңгелек стол өткізілді. Ұйымдастырған мектеп кітапханашысы: Кордабаева С.



<https://www.facebook.com/share/p/1EYwPJ43q4/>

Бүгінгі күн — әлемдегі ең қымбат жандарға, яғни аналарымызға, апаларымызға, қыздарымызға арналған ерекше күн. 8 наурыз — Аналар күні қарсаңында мектепте түрлі шаралар ұйымдастырылды. Мерекелік іс-шара барысында оқушылар аналарға арнап өлеңдер оқып, әсем әндер орындап, олардың өмірдегі орны мен рөлін ерекше атап өтті.

<https://www.facebook.com/share/v/1PGXs5NLGc/>

Ақтау ЖББ мектебінде "Әдебиет әлемінде көктем самалы" көктемгі каникул кезінде 10-сынып оқушысы Жаңбырова Әсел "Әдебиет әлемінде көктем самалы" тақырыбында ұйымдастырылған іс-шараға қатысып, Қалдарбек Найманбаевтың "Даңқ тұғырында" атты кітабын оқыды. ♦ Осындай шаралар оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, олардың тіл байлығын дамытады.

<https://www.facebook.com/share/v/1CLFERAa2h/>

Ақтау ЖББМ "Әдебиет әлемінде көктем самалы" атты іс-шарада көктемгі каникул кезінде 3-сынып оқушысы Теміртай Рауан Еркебұланұлы, сынып жетекшісі: Рахимжанова Айгерим Касейновна "Әдебиет әлемінде көктем самалы" тақырыбында ұйымдастырылған іс-шараға қатысып, Мұқағали Мақатаевтың "Мұзбалақ" атты кітабын оқыды.

<https://www.facebook.com/share/v/15hyb9BjXi/>

Ақтау ЖББМ "Әдебиет әлемінде көктем самалы" атты челленджды қолдап көктемгі каникул кезінде 8-сынып оқушысы Сиазбек Әсила "Әдебиет әлемінде көктем самалы" тақырыбында ұйымдастырылған іс-шараға қатысып, Талап Сұлтанбековтың "Ғажайып планета" атты кітабын оқыды.

<https://www.facebook.com/share/v/16vWDH6Mva/>

2 СӘУІР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАР КІТАП КҮНІ 📖 Бүгінгі күн – кітап арқылы балалардың арманын, қиялын және білімге деген құштарлығын оятатын ерекше күн! 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні ретінде аталып өтеді. Бұл күннің мақсаты – жас оқырмандарды кітап оқуға баулу, кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру және әдебиетке деген қызығушылықты қалыптастыру. 📖 Мектебімізде осы айтулы күнге орай түрлі танымдық шаралар, көрмелер мен оқырмандар кездесу ұйымдастырылып, балалар сүйікті кітаптарымен бөлісті. Кітап – балаға тәрбие беретін, ой-өрісін дамытатын, сөз байлығын арттыратын сенімді серігі. 📖 *Кітап оқыған бала – жарқын болашақтың кепілі!* Кітаппен дос болайық!

<https://www.facebook.com/share/v/16YJ4mpRSG/>

Ақтау ЖББ мектебінің білімді оқушылары 23-сәуір Ұлттық кітап күніне арнап, оқыған кітаптарынан алған ішкі сезімдерімен бөлісті. 11-сынып оқушысы Кәусәр Азаматқызы және 4-сынып оқушысы Сиазбек Інжу.

<https://www.facebook.com/share/v/1EiPhTBWVE/>

Шекарасыз кітапхана – білім мен руханияттың мекені 📖 Кітап – адам баласының сарқылмас қазынасы, ал кітапхана – сол қазынаның алтын ордасы. *«Шекарасыз кітапхана»* ұғымы – білім мен өнерге, ғылым мен руханиятқа ұмтылған әрбір жанға ашық кеңістік екенін білдіреді. Мұнда тілге, ұлтқа, жасқа, шекараға бөлінбей, барлық оқырман үшін білімнің есігі айқара ашық. Бүгінде кітапханалар тек кітап оқитын орын ғана емес, заманауи ақпарат орталығы, шығармашылық алаңы мен рухани даму кеңістігіне айналып отыр. Жаңа технологиялардың дамуы арқылы әлемнің кез келген бұрышындағы білім мен ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік туып отыр.

📖 ***Шекарасыз кітапхананың мақсаты:***

- Білімге деген қолжетімділікті арттыру;
- Оқырмандардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- Рухани, мәдени құндылықтарды насихаттау;

- Әлемдік әдебиетпен танысу мүмкіндігін ұсыну.

✦Кітап – уақыт пен кеңістіктен тыс ұлы қазына.

*Шекарасыз кітапхана – армандарды шындыққа айналдыратын алтын көпір!

<https://www.facebook.com/share/v/1AmLZR6JJJo/>

Евгений Бөкетов – Ғылым мен білімнің шамшырағы ✦(1925–2025)*Биыл еліміз көрнекті ғалым, химик, ұлағатты ұстаз, қоғам қайраткері *Евгений Арстанович Бөкетовтің туғанына 100 жыл* толуын атап өтуде.Е.Бөкетов – ғылым мен өнер жолында еңбек етіп, қазақ ғылымының дамуына зор үлес қосқан тұлға. Ол Қарағанды мемлекеттік университетінің (қазіргі Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті) негізін қалаушылардың бірі және тұңғыш ректоры болды.

✦ Оның еңбектері:

- Химия ғылымына қосқан жаңалықтары;

- Білім мен ғылымды дамытудағы ұйымдастырушылық қызметі;

- Жастарға сапалы білім беру ісіне қосқан үлесі ұшан-теңіз. ✦ *Евгений Бөкетовтің өмір жолы – ғылымға, адалдық пен ұрпақ тәрбиесіне арналған үлкен өнеге.*Ұлы ғалымның 100 жылдығы аясында түрлі ғылыми-танымдық шаралар ұйымдастырылып, оның мол мұрасы жас ұрпаққа кеңінен таныстырылуда.✦ *Ғылымды сүйген, білімді қолдаған ұлы жүрек – Евгений Бөкетов есімі мәңгі ел жадында!*

<https://www.facebook.com/share/v/16VWJZ9Wqa/>

кз *ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ* ✦ Мектебімізде Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына арналған тағылымды іс-шара өтті. ✦ Іс-шара барысында:

– Оқушылар Жеңіс туралы жүрекжарды *өлеңдер оқыды*,

– Батырларға арналған *патриоттық әндер шырқады*,

– Ұлы Отан соғысының ауыр кезеңдерін бейнелейтін *би қойылымдарын* көрсетті. ✦

Бұл шара жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік пен ерлікке тағзым сезімін ұялатты. Жеңіс жолында жанын қиған аталарымыздың ерлігі – мәңгі жадымызда!

<https://www.facebook.com/share/v/1L9HtAxDhf/>

<https://www.facebook.com/share/v/15cFPoCsR3/>

Жеңіс жыры – жүректе!

9 Мамыр – *Ұлы Жеңістің 80 жылдығына* орай мектебіміздің оқушылары *майдангерлерге арналған жүрекжарды өлең-жырларын арнады*.

☐ Балалар соғыс тақырыбындағы патриоттық өлеңдерді нақышына келтіре оқып, батыр ата-бабаларымыздың ерлігіне тағзым етті.

✦ Бұл шара жас ұрпақтың бойына Отанға деген сүйіспеншілікті, бейбіт өмірдің қадірін сезіндіруге бағытталды. *"Жеңіс үшін жан қиған жауынгерлер мәңгі жүрегімізде!"*

<https://www.facebook.com/share/v/16YqNWjc bw/>

Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданы Ақтау жалпы білім беретін мектебінде жылдағы дәстүр бойынша 3 маусым күні Айтуған Ырсалдиннің демеушілігімен "Оқуға құштар мектеп" жобасы бойынша "Шешен Аман" атындағы байқау өтті. Қорытындысында шешеміз Ырысалды апа мен Айтуған 3 буын сыныптан : бастауыштан 4-сынып оқушысы Сиазбек Инжу, Ортаңғы буыннан 7-сынып оқушысы Боран Инжу, Жоғарғы буыннан 9-сынып оқушысы Асанова Ақерке бас жүлдеден көрініп, 70 мың теңгеден сыйақы және арнайы жасалған марапат Дипломын алды. 3-сынып оқушысы Сейтқазы Ернияз ерекше көзге түскені үшін, 20 мың теңге ақшалай сыйақы алды. Оқушыларымыздың кітап оқуға құштарлығын арттыруға бар күш-жігерін салып жүрген Айтуған мырза мен Ырысалды шешейге зор алғысымызды білдіреміз! Осындай оқушылардың кітапқа деген құштарлықтарын арттыратын азаматтарымыз көп болғай.



<https://www.facebook.com/share/v/16chWTuSpF/>

7-бөлім. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.

4 және 9 сынып оқушыларының ЖОБ МЖМБС талаптарында көзделген білім беру оқу бағдарламаларын оқыту мен игерудің күтілетін нәтижелерінің жетістіктерін айқындау бойынша оқыту нәтижелерін бағалау.

2025 жылдың 8 қазанында «Ақтау жалпы білім беретін мектебі» КММ-де білімалушылардан тест алынды. Тестілеудің алдында педагогтар мен ата-аналар арасындажүйелі дайындық, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Тестілеу барысында Ұлытау облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің уәкілетті өкілінің іс-қимыл алгоритмінде көзделген рәсімдер толығымен орындалды.Тестілеу басталғанға дейін сынып жетекшілері, мектеп әкімшілігі оқушылармен тестілеуді ұйымдастыру және өткізу ережелерін бұзуға жол бермеу туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді, білім алушылардың жеке істері дайындалды.

БССҚД өкілі тестілеу барысын бақылауды жүзеге асырды.

Компьютерлік тестілеу екі ауысымда жүргізілді. Барлығы 4, 9- сыныптардың 13 білім алушы қатысты, бұл жоспарланған қатысушылар санының 81% құрады (16 адам), оның ішінде оқушылар: 4 сынып – 8 (80%), 9 сынып – 5 (83%), 3 білім алушы денсаулық жағдайы туралы анықтамалар негізінде тестілеуге қатысқан жоқ.Анықтама көшірмелері ұсынылады.

https://drive.google.com/drive/folders/1hm6zZneXdAkeCuv7oJOWNNy-Df8kgoJe?usp=drive_link

№	сыныбы	Журналдағы тізім бойынша оқушылар саны	Нақты оқушылар саны	% үлесі	Бағалар саны «2»	Бағалар саны «3»	Бағалар саны «4»	Бағалар саны «5»	% оң жауаптар
					40% кем емес	40-64%	65-84%	85-100%	
1	4	10	8	80		1	2	5	80
2	9	6	5	83			1	4	100
	Жалпы	16	13	81		1	3	9	92

Талдау нәтижелері: талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу кешенді тестілеуге білім алушылардың 81%-ы білім берудің белгілі бір деңгейі контингентінің жалпы тізімдік құрамынан (4, 9 сыныптар) қатысқанын көрсетті. Білімнің бақылау бөлімдерінің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін пәндер бойынша 4,9-сынып білім алушыларының оң жауаптарының үлесі 92% - құрайды.

№	Аты-жөні	Сыныбы	Пәндер бойынша ұпайлар				Кешенді тестілеу сұрақтарының жалпы саны		«2»	«3»	«4»	«5»
			Оқыту тілі	Матем.	1 инвариантты компонент пәні Химия	2 инвариантты компонент пәні	4 сыныпта 30 сұрақ	9 сыныпта 55 сұрақ	40% төмен	40-64%	65-84%	85-100%
1	2	3	4	5	6	7	8	9	11	12	13	14
1	Асылбекұлы Раушанбек	4	14	13			27					90
2	Бүлкен Ақару Шынарқызы	4	15	12			27					90
3	Иманбай Аянат Жанболатқызы	4	14	13			27					90
4	Мұрат Дильназ Әбдрахманқызы	4	13	14			27					90
5	Отан Нұржігіт Жақсылықұлы	4	13	10			23				76	
6	Саматқызы Раяна	4	8	7			15			50		
7	Сейтказы Ернияз Қанатұлы	4	12	14			26					86
8	Теміртай Рауан Еркебұланұлы	4	11	13			24				80	
9	Аманжан Абылайхан Жомартұлы	9	19	18	14			51				92
10	Асанова Орынбасар Дулатовна	9	20	16	14			50				90
11	Марат Жанерке Бүркітқызы	9	18	14	14			46			83	
12	Сиазбек Әсила Азаматқызы	9	20	16	13			49				89

13	Шалғынбай Алтынай Азаматқызы	9	20	16	13			49				89
----	------------------------------------	---	----	----	----	--	--	----	--	--	--	----

8 бөлім. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы

«Ақтау ЖББ мектебі» КММ-нің мектептегі білім беру қызметінің сапасына қанағаттанушылықты зерттеу нәтижелері

Мектепте көрсетілетін қызметтердің сапасын қанағаттандыру мақсатында 2025 жылдың 3 қыркүйекте зерттеу жүргізілді.

Зерттеу әдісі: сауалнама. Сауалнама Google Forms-те анонимді түрде жүргізілді.

Әдістеменің сипаттамасы: білім алушыларға 16 сұраққа жауап беру ұсынылды, бұл келесі көрсеткіштерді анықтауға мүмкіндік берді:

- Мектептегі ішкі психологиялық климат (1, 2 сұрақ);
- Оқушылар мен мұғалімдер арасындағы қарым-қатынас (3, 4 сұрақ);
- Оқушылардың жеке, шығармашылық қабілеттерін дамыту (13 сұрақ);
- Оқушылардың қауіпсіздігін, жайлылығын және сенімділігін сезіну (5, 6, 7, 8, 9, 10, 11,12 сұрақ);
- Оқушылардың мектеп өміріне деген қызығушылығы (14, 15 сұрақ).

Өңдеу барысында әрбір көрсеткіш респонденттердің жалпы санынан пайызбен көрсетілді.

Нәтижелерді интерпретациялау: қанағаттану көрсеткіші (Қ) – барлық респонденттердің жауаптарының жалпы балын жауаптардың жалпы санына бөлу коэффициенті. Егер Қ-3-тен үлкен немесе тең болса, қанағаттанудың жоғары дәрежесі; 2-ден 3-ке дейін – қанағаттанудың орташа дәрежесі; егер Қ - 2-ден аз болса, қанағаттану дәрежесі төмен. Содан кейін қанағаттану деңгейі жоғары, орташа және төмен респонденттердің саны есептеледі.

2025 жылы қыркүйек айында сауалнамаға сыныптардың 16 оқушысы (жалпы оқушылар санының 100%) қатысты. Оқушылар сауалнамасының нәтижелері:

- Жоғары дәрежелі Қ –85%
- Орташа дәрежесі Қ –13%
- Төмен дәрежелі Қ – 2%



1-сурет. 2025 жылға арналған оқушылар сауалнамасының нәтижелері
2-

Қорытынды: жалпы алғанда оқушылардың қанағаттануының жоғары және орташа дәрежесі 95% құрайды, бұл қанағаттанудың жеткілікті жоғары деңгейін көрсетеді.

Оқушылардың 2025 жылғы сауалнамасының нәтижесі

Сауалнама сұрақтары:

https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLScrH6pYJ84QzmJU0yBEW-GKXOewaeBFr_pNLZk41Tg8IzexyQ/viewform

Сауалнама нәтижесі:

https://docs.google.com/spreadsheets/d/1_ks3GxrVTKJuWNUFeL1AcTlrZXw60bw3W5YmlN3cvb8/edit?usp=sharing

Әрбір сауалнама сұрағына оң жауаптар нәтижелерінің кестесі

№	Сұрақ	2025 ж
1	Маған өз мектебімде оқу қызықты.	
2	Менің сүйікті ұстаздарым бар.	
3	Қиын жағдайда кеңестер мен көмек алу үшін біздің мектеп мұғалімдеріне жүгінуіңізге болады.	
4	Қиын жағдайда кеңестер мен көмек алу үшін біздің мектеп мұғалімдеріне жүгінуіңізге болады.	
5	Сабақта өз ойымды еркін айта аламын.	
6	Сабақ барысында мұғалім менің тәртібімді емес, білімімді бағалайды,	
7	Мен мектепте жиі шаршаймын.	
8	Менің мектебімде топтық және жеке жұмыстардың саны күніне екеуден асады.	
9	Мен мектепте өзімді қауіпсіз және психологиялық жайлы сезінемін.	
10	Тамақтың сапасына көңілім толады.	
11	Мен өз құқықтарымды білемін.	
12	Мектептегі үйірмелерге, секцияларға, ансамбльдерге барамын.	

13	Менің мектептегі іс-шараларға қатысуға деген құлшынысым мен қажеттілігім бар.	
14	Менің жетістігім мектебімде пайдалы әрі маңызды іспен айналысқанда байқалады.	
15	Мен өз мектебімді жақсы көремін және онда оқитынымды мақтан тұтамын.	

Ата-аналардың қанағаттануын зерттеу

Білім сапасы оқу жағдайларының кең ауқымын білдіреді. Білім сапасын өлшеу үшін статистикалық көрсеткіштер, тіпті өте егжей-тегжейлі және сенімді көрсеткіштер жеткіліксіз, бұл параметрлердің адамдардың қажеттіліктеріне сәйкестігін субъективті бағалау қажет. Субъективті бағалау маңызды, себебі олар әлеуметтік және демографиялық топтар бойынша сараланады және қоғамның білім беру қажеттіліктерінің жан-жақты бейнесін жасауға мүмкіндік береді. Демек, білім сапасы – білім беру қажеттіліктерін қанағаттандырудың объективті көрсеткіштері мен субъективті бағалауларында көрініс табатын және қоғамдағы мәдени ерекшеліктерге, құндылықтар жүйесіне және әлеуметтік стандарттарға байланысты адамдардың өзінің білім дәрежесін қабылдауымен байланысты білім беру жағдайларының кешенді сипаттамасы. Осы білім сапасының түсінігіне сәйкес ата-аналардың (заңды өкілдердің) оқу үдерісіне және мектептегі білім беру қызметінің сапасына қанағаттануына зерттеу жүргізілді.

Зерттеу әдісі: сауалнама. Сауалнама Google Forms-те анонимді түрде

жүргізілді.

Әдістеменің сипаттамасы: ата-аналарға 17 сұраққа жауап беру ұсынылды, онда келесі көрсеткіштер анықталды:

- Балалардың мектепте болу жағдайларына қанағаттануы (1, 2, 5, 6, 13, 14, 17-сұрақ);
- Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру және мектептің басқару саясаты (8, 10, 16 сұрақ);
- Оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту бойынша ата-аналардың мектепке қанағаттануы (12, 15-сұрақ);
- Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруға қанағаттанушылық (9, 11 сұрақ);

Балалардың алатын білім сапасына қанағаттануы (3, 4, 7, сұрақ);

Нәтижелерді талдау: қанағаттану көрсеткіші (Қ) – барлық респонденттердің жауаптарының жалпы балын жауаптардың жалпы санына бөлу коэффициенті. Егер Қ - 3-тен үлкен немесе тең болса, қанағаттанудың жоғары дәрежесі; 2-ден 3-ке дейін – қанағаттанудың орташа дәрежесі; егер Қ - 2-ден аз болса, қанағаттану дәрежесі төмен. Содан кейін қанағаттану деңгейі жоғары, орташа және төмен респонденттердің саны есептеледі.

Зерттеудің мақсаты: ата-аналардың білім беру қызметінің сапасына қанағаттануын зерттеу

болды.

Зерттеу әдісі – социологиялық сауалнама (сұрақ қою). 2025 жылдың қыркүйек айында 15 ата-ана қатысты. Ата-аналар сауалнамасының нәтижелері:

Жоғары дәрежелі Қ


– 83%

Орташа дәрежесі Қ

– 15%

Төмен дәрежелі Қ–

2%



1-сурет. 2025 жылға арналған ата-аналар сауалнамасының нәтижелері

№	Сұрақ	2025 жыл
1	Менің балам мектепке барғанды ұнатады.	
2	Сыныпта жағымды атмосфера қалыптасады.	
3	Мектеп сапалы білім береді.	
4	Балама оқу пәндері оңай.	
5	Мұғалімдер баламыздың оқудағы жетістігін әділ бағалайды.	
6	Балама сабақ, үй тапсырмалары шамадан тыс жүктелмейді.	
7	Мектепте қолданылатын оқытудың жаңа тәсілдер баламыздың қабілетінің көрінуіне және дамуына мүмкіндік береді.	
8	Балама оқудағы жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттың сапасына қанағаттанамын.	
9	Мектептегі мектептен тыс бағдарламаға ризамын.	
10	Баламның сынып жетекшісінің жұмысына ризамын.	
11	Мектепте балаларымыз үшін пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі.	
12	Мектеп асханасының жұмысына көңілім толады.	
13	Мұғалімдер педагогикалық этика нормаларын сақтайды.	
14	Балам мектепте өзін қауіпсіз сезінеді.	

15	Мектеп баламның денсаулығына мән береді.	
16	Мектеп әкімшілігінің жұмысына ризамын.	
17	Мектеп өміріне қатысуға деген ынта бар.	

Қорытынды: Жалпы ата-аналардың қанағаттануының жоғары және орташа деңгейі 97% құрайды, бұл қанағаттану деңгейінің айтарлықтай жоғары екендігін көрсетеді.

Ата-аналардың 2025 жылғы сауалнамасының нәтижесі
Сауалнама сұрақтары:

https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSf0_8Gl7eDbg9iUnc8MSKdPZ1-JPHUDoSkmJQIFQ0hlonYZA/viewform?usp=header

Сауалнама нәтижесі:

<https://docs.google.com/spreadsheets/d/1w9xDtP3tYjHcNcqzBmTCzpPmBHa1dtIH2kC5e15x4U/edit?usp=sharing>

Әрбір әдіс сұрағына оң жауаптардың нәтижелерінің кестесі

Қорытынды:

Сауалнама барысында ата-аналарға мекеме мен ата-аналардың өзара әрекеттесу деңгейін бағалау сұралды. Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың көпшілігі өз балаларының жетістігі туралы толық ақпаратқа қол жеткізе алатынын, мұғалімдер мен әкімшіліктің балаларын тәрбиелеу мен оқыту мәселелерінде әртүрлі көмек көрсететінін атап өтті.

Мұғалімнің қанағаттанушылығын зерттеу

Зерттеу әдісі: социологиялық сауалнама. Сауалнама Google Forms-те анонимді түрде жүргізілді.

Әдістеменің сипаттамасы: мұғалімдерге 14 сұраққа жауап беру ұсынылды, бұл келесі көрсеткіштерді анықтауға мүмкіндік берді

Жұмысты ұйымдастыруға қанағаттанушылық (1, 2, 3, 8 сұрақ);

Мұғалімнің кәсіби және басқа да жеке қасиеттерін көрсету және жүзеге асыру мүмкіндігіне қанағаттану (1, 11, 12 сұрақ);

Мұғалімдермен және гимназия әкімшілігімен қарым- қатынасқа қанағаттанушылық (4, 7, 9 сұрақтар);

Оқушылармен және олардың ата-аларымен қарым- қатынасқа қанағаттанушылық (5, 13, 14);

- Мұғалімнің іс-әрекетін қамтамасыз етуге қанағаттанушылық (1, 6, 10 сұрақ) 2025 жылдың қыркүйек айында 17 мұғалім қатысты.

Мұғалімдер сауалнамасының нәтижелері: Жоғары дәрежелі Қ – 14 мұғалім 87,5%; Орташа дәрежесі Қ – 2 мұғалім 12,5%; Төмен дәрежелі Қ – анықталған жоқ 0%.



1-сурет. Мұғалімдердің 2025 жылғы сауалнамасының нәтижелері

№	Сұрақ	2025 жыл
1	Мен осы мектепте жұмыс істегенімді мақтан тұтамын.	
2	Маған тиімді әдістемелік көмек көрсетіледі	
3	Жұмыс жағдайына көңілім толады.	
4	Мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне көңілім толады.	
5	Мектеп оқушылар арасындағы қақтығыстарды тоқтатып, тиімді шешеді.	
6	Мектептің оқу-материалдық базасына көңілім толады.	
7	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптасқан	
8	Әріптестер маған көмектесуге әрқашан дайын.	
9	Оқу сабақтарының сәтті өтуі үшін мектеп барлық қажетті оқу-әдістемелік және техникалық құралдармен қамтамасыз етілген	
10	Мектеп менің кәсіби және шығармашылық өсуіме жағдай жасайды.	
11	Мектепте мұғалімдерді ынталандыру әдістері белгіленген.	
12	Мен бірге жұмыс жасайтын балалар білімге ұмтылады.	
13	Оқушыларыммен қарым-қатынасыма көңілім толады.	
14	Сынып жетекшісі ретіндегі жұмысыма көңілім толады.	

Қорытынды: Мектебіміздегі жұмыс сапасына мұғалімдердің 98%-ы

қанағаттанады

Әрбір сауалнама сұрағына оң жауаптар нәтижелерінің кестесі

Мұғалімдердің 2025 жылғы сауалнамасының нәтижесі

Сауалнама сұрақтары:

<https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdwccKrUBnARh49R6r3UvnAh7D5jTyyzbHL473ZBiibPx730g/viewform?usp=header>

Сауалнама нәтижесі:

<https://docs.google.com/spreadsheets/d/1Ml8GNJewlsKJP8qZFJ0eL4Csilf5K1XlmljZGVrR7dA/edit?usp=sharing>

Сауалнама нәтижелерінен қорытынды: Алынған сауалнаманың тиімділігі анонимді түрінде өткізілгені. Мұндай сауалнама шынайы жауап алуға үлкен мүмкіндік береді.

Қатысушылардың сауалнама нәтижелерін талдау негізінде мектеп жұмысына, яғни, мектеп қызметіне қанағаттану деңгейі басым деп айтуға болады, табысты және білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандырады деп санауға болады.

2025-2026 оқу жылында өткізілген сауалнама нәтижесі бойынша мектеп жұмысына оқушылардың қанағаттану деңгейі 95%, мұғалімдердікі 98%, ата-аналардың қанағаттану деңгейі 97%. Бұл жалпы мектеп жұмысына қанағаттану деңгейі жоғары екенін көрсетеді.

9 бөлім. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

Мектептің өзін –өзі бағалауы келесі тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

- Білім сапасын арттыру мақсатында жас мамандармен жасалатын жұмыстарды жүйелеу, мамандарды жұмысқа тарту;
- Дарынды білім алушылармен жұмыс барысын жандандырып, облыстық, республикалық пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға ынталандырып, қатыстыру; Кейінгі жылдары республикалық деңгейдегі жарыстарға қатысу және орын алу деңгейі төмендеп кетті. Сондықтан осы бағытта жұмыстар атқару қажет етеді.
- Ерекше білім беретін балалар саны артуына байланысты осы қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарына жүйелі түрде қатысуын жалғастыру;

10.Қорытындылар және ұсыныстар

Ұлытау облысы білім басқармасы Жаңаарқа аудандық білім бөлімінің «Ақтау жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі» КММ-нің 2025 жылы 25 наурыздағы білім ұйымдарын мемлекеттік аттесаттаудан өткізу аясында құрылған өзін-өзі бағалау комиссиясы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығының, «Қазақстан Республикасы «Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» РММ-нің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығының барлық параметрлері бойынша 2023-2024 оқу жылынан бастап 2025-2026 оқу жылының I тоқсанына дейінгі аралықта мектеп жұмысын талдай отырып, "үлгілі" деп бағалады. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін білім беру ұйымының қызметін бағалау өлшемшарттары толық орындалды:

- білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспары бар және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді (барлық бағаланатын кезеңдегі жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса берілген);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8170 болып тіркелген) білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарлары, сабақ кестелері бар, МЖМБС талаптарына және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді (барлық бағаланатын кезеңдегі оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестелерінің көшірмелері қоса берілген);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрықтарымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұны қамтылды;
- тәрбие жұмысын іске асыру білім алушылардың субъективті жаңа білімді білуі мен игеруі мәселелерін шешуге,

ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған, білім алушылардың адамгершілік азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін дамыту сабақтан тыс әртүрлі іс-шаралардың формаларының жиынтығы арқылы жүзеге асырылады (бағаланатын кезеңдегі тәрбие жұмысы мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса берілген);

- білім алушылардың мүдделері мен қажеттіліктері ескеріле отырып,

ҰОЖ негізінде бейіндік оқыту (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері) жүзеге асырылады;

- вариативтік компоненттегі таңдау бойынша курстарды және факультативтерді іске асыру ҰОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылады

(бағаланатын кезеңдегі вариативтік компоненттің сабақ кестелерінің көшірмелері, оның ішінде зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса берілген);

- "Өмір қауіпсіздігі негіздері" және "Жол қозғалысы ережелері" міндетті оқу курстарын зерделеу МЖМБС сәйкес оқу бағдарламалары негізінде жүргізілген;

- бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі 80%-ын құрайды, бұл "үлгілі" бағасына сәйкес келеді;

- педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі 47,3%-ын құрайды, бұл "үлгілі" бағасына сәйкес келеді;

- ғаламтор желісіне қосылу Старлинк спутниктік интернеті 200 Мб/с астам жылдамдықпен жүзеге асырылады, бұл "үлгілі" бағалауына сәйкес келеді;

- барлық тестіленетін пәндер қорытындылары бойынша оқыту бағасына сәйкес келеді; бойынша білімнің бақылау нәтижелері 92%-ды құрады, бұл "үлгілі" бағасына сәйкес келеді;

- 4-сынып білім алушылары қазақ тілі мен математикадан, білімнің бақылау бөлімдерінің қорытындылары

бойынша оқыту нәтижесі 80%-ды құрады, бұл "жақсы" бағасына сәйкес келеді;

- 9-сыныптың параллелінде қазақ тілі, математика, қазақстан тарихы, физика,тестілеу жүргізілді, бақылау бөлімдерінің қорытындысы бойынша оқу нәтижесі 100%-ды құрайды, бұл "үдгілі" бағасына сәйкес келеді;

- сыныптардың толтырылуы мен оқу алаңының санитарлық нормаларға сәйкестігі орындалған (барлық бағаланатын кезеңдегі

сыныптардың толтырылуы мен оқу
алаңының санитарлық
нормаларға сәйкестігі кестелерінің көшірмелері қоса
берілген);

- білім алушылар контингентіне қатысты толық оқу цикліне алушыға қажетті оқу әдебиеті қорының болу талабы мектеп орындалған; бір білім бойынша

- білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болу талабы орындалған, мектепте медициналық кабинет бар;

- білім алушылар үшін тамақтану объектісінің, мектепте асхана, ыстық тамақ дайындауға қажетті жабдықтары бар ас бөлмесінің болуы, статусы құжаттамалық расталған және қамқорлыққа алынған халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарынан білім алушыларды тамақтандыруды жалпыға бірдей оқыту қоры есебінен тегін негізде «Нұрислам» ЖК жалға алушысы жүзеге асырады;

- жаңартылған білім беру мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған және инвариантты және вариативті компонентті құрайтын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлеміне, сондай-ақ білім беру мазмұнын жаңарту бойынша ҰОЖ-да белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесіне сәйкес келеді;

- сыныптарды топтарға бөлу талаптары сақталған;

- 2023-2024 жылдарға арналған білім алушылардың дайындық деңгейі:
- бастауыш мектепте барлық пәндер бойынша білімнің орташа сапасы - 72,3%;
- негізгі орта білім - 68%;
- жалпы орта - 47,5% Барлығы 62,6 % (үлгерім 100%).
- 2024-2025 жылдарға арналған білім алушылардың дайындық деңгейі:

- бастауыш мектепте барлық пәндер бойынша білімнің орташа сапасы - 75,15%;
- негізгі орта білім - 61,88%;
- жалпы орта білім - 59,34% Барлығы 65,45 % (үлгерім 100%).
 - үй тапсырмасын орындау мүмкіндігін ескере отырып, оған қойылатын талаптар сақталған (астрономиялық сағаттарда).
 - білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес келеді, сондай-ақ формативті және жиынтық бағалау талаптары сақталған.

оқу мерзіміне және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптар ҚР ОАМ бұйрықтарына сәйкес келеді

**«Ақтау ЖББ мектебі» КММ -сі өзін өзі бағалау қорытындысы бойынша бағалау
парағы**

Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшемшарттарының
2-қосымшасы

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалауына арналған өлшемшарттар

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі. 24 мұғалім барлығында педагогикалық білімі бар.	100 %	5
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі. 24 мұғалім барлығыда біліктілігін растап аттестациядан өткен.	100 %	5
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі 24 мұғалім барлығыда,оның ішінде басшыларда біліктілік арттыру курстарынан өткен	100 %	5
4	"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі Бастауыш сыныптарға 5 мұғалім сабақ береді.Оның 2 зерттеуші,2 сарапшы	Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер, - 50 % -дан 5 жоғары; 80 %	5
5	"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі Педагогтердің жалпы саны-19. Педагог- сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің үлесі—47,3%. педагог-зерттеуші – 2, педагог-сарапшы – 7, педагог-модератор –6, санатсыз – 5	Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер, -45% -дан 54 % аралығында, 47,3%.	4
6	Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	95 - 99 %	4
7	Ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 тіркелген) сәйкес жағдай жасалуы (пантус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу)	95 - 99 %	4

8	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қантардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі	100 %	5
9	Білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде)	100 %	5
10	Оқыту нәтижелері (білім, білік және дағды сапасын бағалау)	Компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі 85 %—дан 100 %-ға дейін құрайды	5
11	Білімалушылардың сауалнама нәтижелерін талдау 16 оқушысы (жалпы оқушылар санының 100%) қатысты. Оқушылар сауалнамасының нәтижелері: жоғары 85%, орта 13%, төмен 2%	95%	5
12	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау 17 педагог қатысты сауалнамасының нәтижелері: жоғары 82,5%, орта 17,5%, төмен 0%	98%	5
13	Ата-аналардың (заңды өкілдер) сауалнама нәтижелерін талдау 11 ата-ана қатысты сауалнамасының нәтижелері: жоғары 83%, орта 15%, төмен 2%	97%	5

Ақтау ЖББ мектебі директоры
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))



Арунов Мақсат Әнуарұлы

(қолы)

